13) Қызмет көрсету жөнінде білікті мамандарға жолығыңыз. Егер құрылғы қалай да зақымданса, мысалы қоректену бауы немесе аша зақымданса, сұйықтық төгілсе немесе бөтен заттар құрылғының ішіне түссе, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал әсері тисе, дұрыс жұмыс істемесе немесе ол құласа, оған қызмет көрсетілуі тиіс.
14) Желілік бау ашасы өшіру құрылғысы ретінде пайдаланылады, өшіру құрылғысы жұмыс істеп тұруы керек.
15) Желдету тесіктері газета, дастархан, перде және т.б. сияқты заттармен бітелмеуі керек.
16) Құрылғының үстіне ашық от көздерін, мысалы жанып тұрған майшамды қоймау керек.
17) Батареяларды пайдаға асырудың экологиялық аспектілеріне көңіл аудару керек.
18) Құрылғыны біркелкі климат жағдайында пайдаланыңыз.
19) Құрылғыға су (тамшылаған немесе шашыраған) әсерін тигізбеңіз. Бұйымның үстіне ішінде су болуы мүмкін заттарды қоймаңыз.
20) Ескертпе: Құрылғы еңкеюінен туындайтын қандай да бір жарақаттан бас тарту үшін құрылғы үстел бетінен аспай көлденең тұрғанын ылғи тексеріп тұруыңызды өтінеміз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗК
ЭЛЕКТР ТОҒЫ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҚТЫ ШЕШПЕҢІЗ (6 Т. Ч. АРТҚЫ). АСПАПТЫҢ ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ КІРІСУІН ТАЛАП ЕТЕ АЛУЫ МҮМКІН БӨЛШЕКТЕР ЖОҚ. БІЛІКТІ ПЕРСОНАЛ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ КЕРЕК.

Белгі электр тоғы соғу тәуекелін тудыратын қауіпті кернеу бұл құрылғыда барын көрсетеді.

Белгі бұл құрылғымен бірге келген әдебиетте пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша маңызды нұсқаулықтар барын көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ:
Өрт шығу немесе электр тоғы соғу тәуекелін азайту үшін құрылғыға жаңбыр немесе ылғал әсерін тигізбеңіз.

ЕСКЕРТПЕ:
Батареяларға күн сәулесі, от және т.б. сияқты жоғары температуралардың әсері тимеуі керек.

Осы белгі бұл өнім желі кернеуі мен пайдаланушыларға қол жетімді қауіпті бөлшектердің арасында қос оқшаулағышты қамтитынын көрсетеді. Техникалық қызмет көрсеткенде тек бірдей қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.

Осы таңба бұл бұйым Еуропа Одағы аумағында басқа тұрмыстық қоқыспен бірге жойылмау керектігін көрсетеді. Қоқысты бақылаусыз жоюдың ықтимал зиянын келтірмеу үшін материалдық ресурстарды экологиялық рационалды қайта пайдалануға көмектесу мақсатында бұл өнімді жауапкершілікпен пайдаға асырыңыз. Сіз пайдаланған құрылғыны қайтару үшін қайтару және жинау жүйесін пайдаланыңыз немесе өнімді сатып алыған бөлшек сатушысымен байланысыңыз. Олар бұйымды экологиялық қауіпсіз пайдаға асыру мақсатында қабылдауы мүмкін.



Осы телевизиялық қабылдағыш жұмысында жоғары кернеуді пайдаланыңыз. Теледидардан корпустың артқы бөлігін шешпеңіз. Қызмет көрсету үшін білікті персоналға жолығыңыз.



Өрттің немесе электр тоғы соғудың алдын алу үшін бұйымды жаңбырдан немесе ылғалдан қорғаңыз.



Заттарды теледидар корпусындағы саңылаулар мен тесіктерге түсірмеңіз және тықпаңыз. Телевизиялық қабылдағышқа ешқашан сұйықтық құймаңыз.



Артқы қақпақтағы желдету тесіктерді құрсауламаңыз. Қажетті желдетудің болуы электр бөлшектері жаңылыстарының алдын алу үшін өте маңызды.



Қоректену бауын телевизиялық қабылдағыштың астында қыспаңыз.



Ешқашан теледидардың үстіне тұрмаңыз, сүйенбеңіз және қатты соққылардың әсерін тигізбеңіз. Балалардың қауіпсіздігі туралы ескеріңіз. Теледидар құласа, қатты жарақаттар болуы мүмкін.



Бұйымды шайқалғыш арба, тұғыр немесе үстелдің үстіне қоймаңыз. Теледидардың құлауы қатты жарақатқа немесе теледидардың зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Телевизиялық қабылдағыш ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмағанда қоректену бауын айнымалы тоқ желісінен ажыратуға кеңес беріледі.



Телевизиялық қабылдағышқа тікелей күн сәулелері мен басқа жылу көздері әсерін тигізбеңіз. Телевизиялық қабылдағышты жылу бөлетін басқа бұйымдардың, мысалы таспалы бейнеплеерлер мен аудио күшейткіштердің тура үстіне қоймаңыз. Ашық алау көздерін, мысалы жанып тұрған майшамды теледидардың үстіне қоймаңыз.



Егер теледидар қуыстың немесе балама корпустың ішіне енгізілуі керек болса, ең аз аралықтар сақталуы тиіс. Жылу бөлінуі теледидарыңыздың қызмет ету мерзімін азайтуы, сонымен қатар қауіпті болуы мүмкін.

Негізгі сипаттамалары

① Теледидар, бейнетерминал, ДК дисплейі ретінде пайдаланылады;

② Ашықтығы жоғары, көру бұрышы кең;

③ 500 бағдарламаны сақтау мүмкіндігі (DTV);

④ HDMI интерфейсі;

⑤ Мульти-медиа плеер (USB);

Жинағы

Инфрақызыл қашықтан басқару пульті 1

Аккумулятор(AAA) 2

Пайдаланушы нұсқаулығы 1

Негізгі параметрлері

Кескінді көру өлшемі (диагональ)	38.5"
Ажыратымдылығы	1366x768
Қуатты тұтыну	60W
Дыбыстық жиіліктің шығу қуаты (THD ≤ 7%)	2x8W
Аспектті қатыстық	16 : 9
TV жүйе	PAL-B/G, I, D/K SECAM-B/G , D/K , L DVB-T, DVB-C,DVB-T2
Бейне сигнал жүйесі	PAL/SECAM/MPEG2/MPEG4/H.265
Қабылдау арнасы	500(DTV), 100(ATV)
Кірісте коректену кернеуі	AC 100-240V 50/60Гц
Сигнал кірісі/ шығысы	Балама RGB(VGA) x 1 Анықтығы жоғары мультимедиялық интерфейс (HDMI) x 2 Композитті бейне кіріс x 1 Аудио кіріс x 1 PC аудио x 1 YCb (Pb)Cr (Pr) x 1 USB x 1 RF x 1 Құлаққап x 1 CI x 1 SCART x 1 COAXIAL x 1
Көлденеңінен анықтығы (TV сызығы)	Композитті бейне кіріс >=350 Y Cb(Pb)Cr(Pr) >=400

HDMI

Алдыңғы панель



1: ҚБ жүйесінің ИҚ-қабылдағышы.

2: Индикаторлық жарықдиод: ҚЫЗЫЛ ● КҮТУ РЕЖИМІ.

3: Пернетақта

ПЕРНЕТАҚТА



1. **КӨЗІ**：
   Кіріс сигнал көзін таңдау мәзірін шығару.
2. **МӘЗІР**：
   Бас мәзірді көрсету.
3. **V+/V-**
   Дыбыс деңгейін реттеу.
   Мәзір режимінде таңдалған элементті реттеу үшін “V+” немесе «V-« басыңыз.
4. **CH+/CH-**
   Арнаны жоғары немесе төмен ауыстыру үшін ТД режимінде “CH+” немесе “CH-” басыңыз.
   МӘЗІР режимінде элекменттерді таңдау үшін “CH+” немесе “CH-” басыңыз.
5. **КҮТУ РЕЖИМІ**
   Құрылғыны күту режимінен қосу үшін осы түймешікті басыңыз.
   Құрылғыны қайта STANDBY режиміне қосу үшін оны тағы бір рет басыңыз.

Артқы АВ-қосылыстар

Барлық ажыратқыштар (солдан оңға):
SCART, HDMI2 (ARC), HDMI1, VGA PC, USB, КОАКСИАЛДЫ ШЫҒЫС

Артқы АВ-қосылыстар (бүйір жағы)

Барлық ажыратқыштар (солдан оңға):
PC AUDIO, RF, CI, YPbPr кіріс, AV кіріс, HEADPHONE (лааптар),
Ескерту: HDMI порты DVI сигналын қабылдағанда аудио сигнал PC Audio арнасынан қабылданады.

Ескерту:VIDEO және YpbPr бір аудио арнаны бөледі

АНТЕННА



Ескерту:
Қосылған антенналар:IEC (ұяшық).
Кіріс кедергі: 75 Ω теңгерілмеген.

ДК

ҚАДАМДАР:

Теледидар мен компьютер өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

1. VGA мен аудио-кабельді қосыңыз.
2. Қоректену кабелін қосыңыз.
3. Теледидарды қосыңыз, ДК режиміне ауысыңыз.
4. ДК қосыңыз.

Бұл бірізділікті ұстанған маңызды.



ҚОЛДАНАТЫН РЕЖИМ

	АЖЫРАТЫМДЫЛЫҚ	V.Freq.(Гц)	H.Freq.(кГц)
1	640x480	60	31.47
2	800x600	60	37.88
3	1024x768	60	48.36
4	1366x768	60	47.7
5	1280x1024	60	63.98

АВ-ЖАБДЫҒЫ

Осы теледидар бейнемагнитофон, DVD немесе басқа бейне құрылғыға ыңғайлы қосылу үшін бір AV топты, бір YPbPr топты қолдайды. Қосылатын жабдықты пайдалану бойынша нұсқаулықты көруді өтінеміз.

ТД артқы панеліндегі кіріс акжыратқыштарын келесі түрде пайдалана аласыз.

Ⓨ сары (бейне)
Ⓡ қызыл (аудио R)
Ⓦ ақ (аудио L)
Ⓡ қызыл (РгилиCr)
Ⓑ көк (Pb немесе Cb)
Ⓖ жасыл (Y)





Келесі құрылғыларға қосылуға болады: VCR, дискілерді мульти ойнатқышы, DVD, бейне камералар, бейне ойындар немее стерео жүйелер және т.б.
YPbPr келесі бейне пішімдерді қолдай алады: 480i, 576i, 480p, 576p, 720p, 1080i, 1080p.

Ескерту: 1.VIDEO және YPbPr бір дыбыс арнасын бірге пайдаланады.
2. HDMI порты DVI сигналын қабылдағанда "PC Audio" арнасы HDMI порты үшін аудио қабылдайды.
3. Кей кезде бұл басқа құрылғыларда қолданбайды, өйткені құрылғы стандарттан тыс сигнал шығарады.



№	Тймешік	Сипаттамасы
1	⏻ (Power)	Теледидарды қосу/өшіру.
2	S.MODE	Дыбыс режимін таңдау.
3	P.MODE	Кескін режимін таңдау.
4	0-9	Арна нөмірін немесе құпия сөзді енгізу.
	Q.VIEW	Соңғы қаралатын арнаға ауысу.
	SLEEP	Түнгі режим таймерін тапсыру.
5	VOL +/-	Дыбыс деңгейін тапсыру.
6	🔇 (Mute)	Дыбысты қосу / өшіру.
	AUDIO(I/II)	ATV арнасы үшін моно, Nicam стерео таңдау. Цифрлық телевизия арнасы үшін Audio тілін таңдаңыз.
7	SUBTITLE	Субтитрлерді қосу/ өшіру.
8	FAV/⊞	Ұнайтын арналар тізімін ашу. Телемәтін режимінде бетті ұстайды.
9	SCREEN	Кескін пішімін тапсыру.
10	MENU/▤	Экран мәзірін шығару. Телемәтін режимінде, мазмұны бетін ашу (INDEX).
11	▲▼◀▶	Экран мәзірінде көшу.
	OK	Таңдауды растау.
12	BACK/⊟	Алдыңғы экранға қайту үшін басыңыз. Телемәтін режимінде араласу режиміне кіру үшін басыңыз.
13	◀◀ (reverse) ▶▶ (forward)	Мультимедиа режимінде ойнату үшін алға немесе артқа тез айналдыру үшін басыңыз.
14	▤/≡	Телемәтін функциясын Қосу/Өшіру және ТТХ режимін өзгерту.
15	▶II (play/pause)	Мультимедиа режимінде ойнату/ уақытша тоқтату.
16	SOURCE	Кіріс көзі тізімін ашу.
17	⌂	Функция жоқ.
18	P ︿/﹀	Арнаны өзгерту.
19	INFO/?	Арна туралы ақпарат. Телемәтін режимінде жасырын ақпаратты көрсетеді.
20	3D WORLD	Бұл үлгілер 3D функциясын қолдамайды.
21	CH.LIST/⊞	Арналар тізімін ашу үшін басыңыз. Телемәтін режимінде кескінді жоғарғы, төменгі немесе толық режимге ауыстыру үшін түймешікті басыңыз.
22	GUIDE/⊟	Теледидар режимінде бағдарламалар бойынша электрондық гидты таңдау. Телемәтін режимінде – екінші бетке кіру.
23	EXIT/⊠	Экран мәзірін жабады. Телемәтін режимінде мәтінді жасырады.
24	⏮ (previous) ⏭ (next)	Алдыңғы немесе келесі файлды таңдау.
25	● (REC)	Цифрлық режимде қаралатын телевизиялық бағдарламаны жазу.
26	■ (stop)	Мультимедианы ойнатуды тоқтату.

Батареяларды басқару пультіне салу



1. Қақпақты шешіңіз.
2. Полярлық сәйкестігіне (+ немесе -) көз жеткізіп, AAA 1.5 В батареяларын салыңыз.
3. Қақпақты қайтарыңыз. Теледидардың жұмысы тұрақсыз болғанда немесе қателер жиі пайда болғанда, сонымен қатар теледидар пультпен жұмыс істемегенде батареяларды ауыстырыңыз.

Ескерту:

1) Алкалиндік батареяларды пайдалануға кеңес беріледі.
2) Батареялар отырып қалса немесе пультті ұзақ уақыт пайдаланбауға жоспарланса, батареяларды ауыстырыңыз.

Орнату бойынша нұсқаулық

Орнату бойынша нұсқаулық тек теледидар алғашқы қосылғанда немесе зауыт теңшелімдеріне қайтқанда шығады.



1) Мәзірде ауысу және теңшелімдерді өзгерту үшін ▲ ▼ көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз. Әрекетті растау үшін OK түймешігін басыңыз. Экран мәзірі тілін таңдаңыз.

Ескерту: әдепкі 0000 құпия сөзі орнатылған.

HOME немесе Shop режимдері

1. Құрылғы алғашқы қосылғанда экранға орнатудың параметрлер мәзірі шығады. Экран мәзірінің тілі орнатылған соң пайдаланушы "Көрмелік" және "Үйдегі" режимі арасында таңдай алады. Экранда келесі теңшелімдер мәзірі көрсетіліп, көрсеткі "Үйдегі режим" тармағын көрсеткенде таңдау үшін ◀ ▶ және мәзірге кіру үшін "OK" пайдаланыңыз.



Егер "Shop" режимі таңдалып тұрса, келесі мәзір шығады.



Келесі мәзірге кіру үшін OK басыңыз



Инициализацияның орнату мәзіріне қайту үшін "Болдырмау" таңдаңыз, бұл кезде көрсеткі "Үйдегі режим" күйінде қалады.

2) DVB-T/DVB-C таңдау үшін ▲▼ түймешіктерін пайдаланыңыз, растау үшін OK басыңыз.



a. DVB-T режимі таңдалған жағдайда теңшелім типі (Tune Type), елді таңдап, теңшеу үдерісін іске қосу үшін OK басу керек.



b. DVB-C режимі таңдалған жағдайда жүйе конфигурациясын таңдап DVB-C (сканерлеу типін / жиілікті / жүйе сәйкестендіргішін, белгіні (KS/S) таңдау), одан кейін DVB-T (DTV/ATV) режимі таңдалған жағдайдағыдай теңшеу типі мен елді таңдау үшін OK түймешігін басу керек. Ел таңдалған соң теңшеу үдерісін іске қосу үшін OK түймешігін басыңыз.



3). Арналарды теңшеу үдерісін іске қосыңыз. Амал бірнеше минут жалғасуы мүмкін. Дисплейде тешеу үдерісінің барысы мен табылған арналардың саны көрсетіледі.
4). Теңшеуді болдырмау керек болғанда ATV режимінде үдерісті үзу үшін MENU түймешігін басыңыз. Қалқыма терезе пайда болады, YES мәнін таңдап, әрекетті растау үшін ◄ түймешігін басыңыз.
Бұл бірден DTV теңшеу режиміне ауысуға мүмкіндік береді. Теңшеу қажеттілігі болмағанда DTV режимінде жасалған әрекетті қайталауға болады. Кейін теледидар қосылғанда теңшеуді жасау керектігі туралы ескерту пайда болады.
5). Теңшеу аяқталысымен арналар алдын ала тапсырылған тәртіпте көрсетіледі. Кейбір арналарды қалдыру керек болғанда олардың алдын ала тапсырылған тәртібін өзгерту немесе арналарды қайта атау керек. Бұл үшін Channel мәзірінде ProgrammeEdit опциясын таңдаңыз.



6) Сәтті теңшеу



1. АРНАЛАР МӘЗІРІ

1. 1) Автотеңшеу (DVB-T)

1). MENU түймешігін басыңыз, одан кейін CHANNEL мәзірін таңдау үшін ▼▲ түймешіктерін пайдаланыңыз және OK басыңыз.
2). ▼▲ түймешіктері көмегімен AutoTuning таңдаңыз және OK басыңыз.



3). ОУВ-Т/ОУВ-С көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланып, ЭУВ-Т режимін таңдаңыз және растау үшін ОК түймешігін басыңыз.



4). Tune Type мәзірінде ATV / DTV / DTV + ATV режимдерін таңдау үшін ◄ ► көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз. ▼ түймешігін басыңыз, одан кейін сіз тұрған елді таңдау үшін ◄ ► түймешіктерін басыңыз. Әрекетті растау үшін ОК түймешігін басыңыз.



5). Арналарды теңшеу үдерісі іске қосылады. Амал бірнеше минут жалғасуы мүмкін. Дисплейде тешеу үдерісінің барысы мен табылған арналардың саны көрсетіледі.
6). Теңшеуді болдырмау керек болғанда ATV режимінде үдерісті үзу үшін MENU түймешігін басыңыз. Қалқыма терезе пайда болады, YES мәнін таңдап, әрекетті растау үшін ◄ түймешігін басыңыз. Бұл бірден DTV теңшеу режиміне ауысуға мүмкіндік береді. Теңшеу қажеттілігі болмағанда DTV режимінде жасалған әрекетті қайталауға болады. Кейін теледидар қосылғанда теңшеуді жасау керектігі туралы ескерту пайда болады.
6). Теңшеу аяқталысымен арналар алдын ала тапсырылған тәртіпте көрсетіледі. Кейбір арналарды қалдыру керек болғанда олардың алдын ала тапсырылған тәртібін өзгерту немесе арналарды қайта атау керек.



1.2) Автотеңшеу (DVB-C)

1). MENU түймешігін басыңыз, одан кейін ▼▲ түймешіктері көмегімен CHANNEL мәзірін таңдап, OK басыңыз.
2). ▼▲ түймешіктері көмегімен AutoTuning таңдап, OK басыңыз.



3). ▼▲ түймешіктері көмегімен, DVB-T/DVB-C таңдаңыз. DVB-C таңдаған соң, растау үшін OK басыңыз.



4). Scantype/Symbol (Ks/S) таңдау үшін ▼▲түймешіктерін пайдаланыңыз және растау үшін OK басыңыз.



5). Tune Type мәзірінде ATVIDTVI DTV + ATV режимдерін таңдау үшін көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз. Т түймешігін, одан кейін сіз тұрған елді таңдау үшін ◄ ►Ж түймешіктерін басыңыз. Әрекетті растау үшін OK түймешігін басыңыз.



6). Арналарды теңшеу үдерісі іске қосылады. Амал бірнеше минут жалғасуы мүмкін. Дисплейде тешеу үдерісінің барысы мен табылған арналардың саны көрсетіледі.
7). Теңшеуді болдырмау керек болғанда ATV режимінде үдерісті үзу үшін MENU түймешігін басыңыз. Қалқыма терезе пайда болады, YES мәнін таңдап, әрекетті растау үшін ◄ түймешігін басыңыз. Бұл бірден DTV теңшеу режиміне ауысуға мүмкіндік береді. Теңшеу қажеттілігі болмағанда DTV режимінде жасалған әрекетті қайталауға болады. Кейін теледидар қосылғанда теңшеуді жасау керектігі туралы ескерту пайда болады.
8). Теңшеу аяқталысымен арналар алдын ала тапсырылған тәртіпте көрсетіледі. Кейбір арналарды қалдыру керек болғанда олардың алдын ала тапсырылған тәртібін өзгерту немесе арналарды қайта атау керек. Бұл үшін Channel мәзірінде ProgrammeEdit опциясын таңдаңыз.



Ескерту

Егер Tune Type теңшеу типі ретінде DTV+ATV мәні таңдалса, ATV, DTV және Radio қоса, барлық арналарды бірге теңшеуге болады.

Автоматты түрде теңшеген соң барлық сақталған арналар жойылады.

2. 1) DTV (DVB-T) режимінде қолмен теңшеу

1). MENU түймешігін басыңыз, одан кейін, ▼▲ түймешіктері көмегімен, CHANNEL мәзірін таңдаңыз және OK басыңыз.

2). ▼▲ түймешіктері көмегімен, DTV ManualTuning таңдап, OK басыңыз.



3). DTV ManualTuning режимінде қолмен теңшеу терезесі пайда болады. ◄ ► түймешіктері көмегімен қажетті УЖЖ арнасын таңдаңыз және арнаны іздеу үдерісін іске қосу үшін OK басыңыз. Егер сигнал сәтті теңшелсе, экранда кескін мен сигнал қарқындылығы көрсетіледі.
4). Бас мәзірге қайту үшін MENU түймешігін басыңыз.
5). Мәзірден шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.



2. 2) DTV (DVB-C) режимінде қолмен теңшеу

1). MENU түймешігін басыңыз, одан кейін ▼▲ түймешіктері көмегімен CHANNEL мәзірін таңдап, OK басыңыз.
2). ▼▲ түймешіктері көмегімен CADTV ManualTuning таңдап, OK басыңыз.



3). CADTV ManualTuning қолмен теңшеу терезесі пайда болады. ▼▲ түймешіктері көмегімен (Frequency /Symbol (ks/s/QAM Type QAM) мәнін таңдаңыз және көрсетілген арнаны іздеу үдерісін іске қосу үшін OK басыңыз. Егер сигнал сәтті теңшелсе, экранда кескін мен сигнал қарқындылығы көрсетіледі.
4). Бас мәзірге қайту үшін MENU түймешігін басыңыз.
5). Мәзірден шығу үшін EXIT түймешігін басыңыз.



3) АТУ режимінде қолмен теңшеу:

Балама телевизияның таңдаулы арналарын іздеу, дәл теңшеу және сақтау үшін дыбыстық жүйені өзгерте аласыз.



Ескерту

Қолмен теңшеген соң арналарды сақтау үшін телемәтіннің қызыл түймешігін басыңыз.

4). Бағдарламаны өзгерту:

Бағдарламаларды жоюға, қайта атауға, көшіруге, бос қалдыруға және таңдаулыларға қосуға болады.

Жою

Қажетті бағдарламаны көрсеткімен бөлектеңіз және бағдарламаны жою үшін телемәтіннің қызыл түймешігін басыңыз.

Қайта атау:

Тек АТУ режимінде қайта аталады.
Қажетті бағдарламаны көрсеткімен бөлектеңіз және бағдарламаны қайта атау үшін жасыл түймешікті басыңыз.
▼▲ түймешіктері көмегімен белгіні таңдаңыз.
Көрсеткіні жылжыту үшін ◄ ► түймешіктерін пайдаланыңыз.
Шығу үшін MENU түймешігін басыңыз, мәзірден шығу үшін EXIT басыңыз. Ескерту: ATV бағдарламасының атауында тек 5 белгі болуы мүмкін.

Жылжыту:

Жаңадан ат қойылатын арнаны таңдау үшін көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз. Одан кейін "Жылжыту" функциясын таңдау үшін сары түймешікті басыңыз. Көрсеткіштері бар түймешіктері көмегімен белсенді арнаны жылжытыңыз, одан кейін таңдауды растау үшін OK басыңыз; арнаны жылжыту үшін цифрасы бар түймешікті басыңыз, одан кейін таңдауды растау үшін OK басыңыз.

Бос қалдыру:

▼▲ түймешіктері көмегімен қажетті бағдарламаны таңдаңыз, таңдалған бағдарламаны бос ⊘ қалдыру үшін телемәтіннің көк түймешігін басыңыз. Бағдарламаның оң жағында белгісі пайда болады. Бос қалдырылған бағдарламаны бөлектеңіз және бағдарламаны бос ⊘ қалдыруды болдырмау үшін телемәтіннің көк түймешігін қайта басыңыз. белгісі кетеді.

Таңдаулы:

▼▲ түймешіктері көмегімен қажетті бағдарламаны таңдаңыз, FAV басыңыз, бағдарламаның оң жағында ♥ көрінеді. Осы бағдарламаны бөлектеңіз және оны таңдаулыларға қосуды болдырмау үшін FAV түймешігін қайта басыңыз, ♥ белгісі кетеді. Таңдаулы арналар тобы жасалған соң, FAV түймешігін басу таңдалған бағдарламаға тез ауысуға мүмкіндік береді.

5). CI ақпарат: (опционалды)

Осы мәзір CI-карта ақпаратын көрсете алады.

2. КЕСКІН МӘЗІРІ

Бас мәзірдің екінші тармағы КЕСКІНДЕР МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда контрасттылық, ашықтық және т.б. сияқты кескін параметрлерін теңшеуге болады.





Ескерту

1). Реңкке тек NTSC жүйесінде қол жеткізуге болады.
2). Үш температуралық режим, келесі таңдалуы мүмкін: қалыпты, жылы, суық.
3). Экран тек ДК режимінде қол жетімді, ол көлденең орналасуды, тік орналасуды, өлшем мен фазаны реттей алады.

3. ДЫБЫС МӘЗІРІ

Бас мәзірдің үшінші тармағы ДЫБЫС МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда жоғары және төмен жиіліктер және т.б. сияқты дыбыс әсерлерін теңшеуге болады.



Ескерту

Автоматты дыбыс опциясы тек кіріс сигналдың артық көп көлемінде немесе ол бұрмаланғанда қол жетімді.

4. УАҚЫТ МӘЗІРІ

Бұл мәзірде сағатты, қосу уақытын және т.б. теңшеуге болады.



Ескерту

Сигнал болмай 15 минут өткен соң теледидар автоматты түрде күту режиміне ауысады (AutoSleep опциясы белсенді болса). Көрсетілетін уақыт DTV режимінде автоматты уақытқа сәйкес теңшелуі мүмкін.

5. ТАҢДАУЛЫ ПАРАМЕТРЛЕР МӘЗІРІ

Бас мәзірдің бесінші тармағы ТАҢДАУЛЫ ПАРАМЕТРЛЕР МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда экран мәзірі тілін, дыбыс функциясының тілі, субтитрлер тілі және т.б. таңдауға болады.



Қоректенуді автоматты түрде өшіру

1. Теледидар қосылған соң төрт сағат ішінде пайдаланушы тарапынан әрекеттер болмағанда, мысалы арнаны ауыстырмаса немесе дыбыс деңгейін өзгертпесе, теледидар қоректенуді автоматты түрде өшіру режиміне ауысады. Экранда тиісті қалқыма терезе пайда болады.

Seconds to Automatic power-down
Please press any Key to Cancel

150 секунд өткен соң теледидар автоматты түрде күту режиміне ауысады. Автоматты түрде өшіру режимінен шығу үшін қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймешікті басыңыз.

2. Қоректенуді автоматты түрде өшеруді болдырмау. Таңдаулы параметрлер мәзірінде "Қоректенуді автоматты түрде өшіру (4ч.)" опциясын таңдаңыз. Солға немесе оңға басыңыз. Келесі хабарлама пайда болады: "Қоректенуді автоматты түрде өшіру опциясын шынымен өшіргіңіз келе ме?". YES растауды таңдау үшін солға көрсеткіші бар түймешікті басыңыз. Теледидар экранында " Қоректенуді автоматты түрде өшіру (4 ч.)" опциясымен таңдаулы параметрлер мәзірі көрсетіледі. Қоректенуді автоматты түрде өшіру (4 ч.) ӨШ. Пайдаланушы тарапынан әрекеттер болмай 4 сағат өткен соң автоматты түрде өшіру опциясын қосу үшін бұл ретте N0 жауабын таңдау үшін оңға көрсеткіші бар түймешікті басып, жоғарғы әрекеттерді қайталаңыз. PVR файл жүйесінің мәзірінде PVR опциясы үшін USB-дискісін пайдалануды теңшеуге болады.



Ескерту

Зауыт теңшелімдері қалпына келтірілгенде барлық бағдарламалар мен құпия сөз жойылады.

6. ҚҰРСАУЛАУ МӘЗІРІ

Мәзірдің алтыншы тармағы ҚҰРСАУЛАУ МӘЗІРІ болып табылады. Мұнда пайдаланушы жүйені, жеке бағдарламаны құрсайлай алады, құпия сөзді орната алады немесе ата-ана бақылау опциясын пайдалана алады. Жүйе құрсауланғанда арналарды іздеу немесе бағдарламаларды өзгерту опциялары қол жетімді болмайды.



Әдепкі 0000 құпия сөзі орнатылған. Егер осы құпия сөзді ұмытсаңыз, қосымша 9443 құпия сөзін енгізуге болады. Бағдарламаны құрсаулау тәртібі: ◄ ► түймешіктері көмегімен бағдарламаны таңдаңыз және телемәтінді құрсаулау үшін жасыл түймешігін басыңыз. Бағдарламаны құрсаудан шығару керек болғанда бас мәзірге кіріп, құпия сөзді енгізіп, телемәтіннің жасыл түймешігін қайта басу керек. Ата-ана бақылауы: қажетті деңгейді орнату үшін ◄ ► көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз.

7. БЭГ (бағдарламалар бойынша электрондық гид) мәзірі

БЭГ мәзірі таралатын телебағдарламаларды DTV немесе радиоарна режимінде қарау үшін пайдаланылады. БЭГ мәзіріне ауысу үшін GUIDE түймешігін басыңыз, келесі мәзір пайда болады:

1. АҚПАРАТ
Бағдарламаларды таңдау үшін көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз. Таңдалған бағдарлама туралы мәліметтерді көру үшін АҚПАРАТ түймешігін басыңыз.

2. Кесте
Сары телемәтін түймешігін басыңыз. Толық кесте пайда болады. Қажетті тізімді таңдау үшін ▼▲ көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз, тізімді жою үшін DELETE қызыл түймешігін басыңыз.



3. Жазу
Бағдарламаны жазу үшін қызыл түймешікті басыңыз.

4. Ескерту
бағдарламаны таңдап, ескерту уақытын теңшеу үшін көк телемәтін түймешігін басыңыз – теледидар экраны ескерту орнатылған бағдарламаға автоматты түрде ауысады.



8. PVR бейнежазу функциясы

1. Бағдарламаны жазуға дайындау

PVR бейнежазу функциясы тек DTV режимінде қол жетімді.
PVR файл жүйесіне кіру үшін Таңдаулы параметрлер мәзірі пайдаланылады. Таңдаулы параметрлер мәзірінде PVR файл жүйесін тексеру опциясын таңдаңыз. Тексеру сәтті өткенше OK түймешігін басыңыз ("Success").
Ескерту: "жылдамдық" ("speed") параметрі мәнін тексеріңіз. HD ("HDsupport") опциясын қолдау USB-құрылғы жылдамдығы кейін қарау және жазу опциясына арналғанын көрсетеді. Әйтпесе құрылғыға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін оны пішімдеу керек болады. Дискіде жеткілікті бос кеңістік болғанда әдепкі жазу уақытын шектеу 6 сағат құрайды.
Ол жетпегенде жазу уақыты қысқартылуы керек, бұл құрылғыдағы қол жетімді кеңістікке байланысты. PVR файл жүйесінің тексерілуі аяқталғанша басқа әрекеттерді жасамау керек.
Жазулар осы теледидардың PVR-жүйесімен жасалады. Жазулар тек осы теледидарда ойнатылады; бұл мақсаттарда басқа үйлесімсіз құрылғыларды (компьютер, DVD-плеер және т.б.) пайдалануға болмайды.
TS файл пішімі.
Қосылған USB-құрылғыда файлдарды жазып, сақтауға мүмкіндік болуы үшін оны пішімдеу керек.

ЕСКЕРТПЕ: СЫРТҚЫ USB-ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПІШІМДЕУ БАРЫСЫНДА ІШІНДЕГІ БҮКІЛ АҚПАРАТ ЖОЙЫЛАДЫ.
Файлдарды сақтау кеңістігі файлдық USB-жүйемен шектеледі.

Файл жүйесі:	NTFS 2TB дейін
	FAT32 192GB дейін
	FAT16 2GB дейін

Таңдаулы параметрлер мәзірінен PVR файл жүйесіне кіру тәртібі келесі:





Дискіні таңдау: жазу файлын сақтау үшін дискіні таңдаңыз.



PVR файл жүйесін тексеру: USB-құрылғыда PVR файл жүйесі теңшелімін тексеріңіз.

Пішімдеу:





("Жылдамдығы жоғары ФС..." опциясы арқылы құрылғыны пішімдеу түрін қарастыру керек, бұл жазу барысын тездетуге мүмкіндік береді)





Пішімдеу барысы аяқталысымен келесі мәзір пайда болады:





"Жылдамдығы жоғары ФС" пішімі таңдалғанда дискідегі кеңістік көлемін кейін көру үшін өзгертуге болады:



2. Бағдарламаны жазу

DTV көзін ойнатқанда қажетті арнаны таңдаңыз және “ ● record” жазу түймешігін басыңыз, жазу опциясының терезе жақтауы пайда болады. ” ● record” қайта басыңыз – жазу опциясының терезе жақтауы кетеді, жоғары сол жақта "REC" жазу үдерісінің пиктограммасы пайда болады. "stop" түймешігі басылған соң пиктограмма кетеді.

3. Жазбаны ойнату

USB-құрылғыға жазылған бағдарлама құрылғыдағы “_MSTPVR” папкасына сақталады.

1. USB-жинағыш сыйымдылығы 128 Мб тан 500 Гб дейін құрауы мүмкін, алайда іс жүзіндегі тұрғыдан 2 Гб тан 500 Гб дейін көлемді пайдалануға кеңес беріледі.

2. Егер бейнені жіберу жылдамдығы өте аз болса, бейнефайлдың ішіндегісі ірі пикселдер түрінде көрсетіледі. Бұл USB-құрылғыны тура теледидарға қосудың орнына ұзартқыш USB-кабелін қосу үшін пайдаланумен түсіндірілуі мүмкін.

3. Барлық USB-құрылғылар осы теледидар үлгісімен үйлесімді емес. Төменде пайдалану үшін кеңес берілген USB-жинағыштар аталған. Тізімде жоқ үлгілер де үйлесімді болуы мүмкін, бірақ олардың дұрыс жұмысына кепілдік берілмейді. USB-құрылғылардың тізімі кейін көру функциясы үшін тізімге ұқсас (толығырақ төмен қараңыз).

9. Кейін көру функциясы

Бағдарламаны жазуға дайындау

Теледидардың осы үлгісі USB-құрылғыға цифрлық пішімдегі бағдарламаларды жазу, ойнатуды уақытша тоқтату / қайта ойнату функцияларын қолдайды.

Ескерту

- Бұл үшін USB 2.0 типіндегі құрылғыларды пішімдеу керек болады. Құрылғыны пішімдеудің алдында ішіндегі деректердің резервтік көшірмесін жасау керек. Бұл деректер пішімдеген соң жоғалады.

USB-құрылғыны пішімдеу

USB-құрылғыны пішімдеу кейін көру функциясын пайдалану мүмкіндігі үшін жеткілікті кеңістікті босатуға мүмкіндік береді.

Ескерту

- Пішімдеу үдерісі кем дегенде 2 минут жалғасады. Пішімдеу барысында USB-құрылғыны шығармау немесе қоректенуді өшіруге болмайды.
- Сонымен қатар, пішімдеу барысында құрылғы жылдамдығы тексеріледі. Тексерудің теріс нәтижесі осы USB-құрылғы кейін көру функциясын қолдамауы мүмкін.

DTV пішімінде уақытша тоқтатылған бағдарламаны USB-жинағышқа жазу

1. DTV сигнал көзі белсенді болғанда USB-құрылғыны теледидардың бүйірлік панеліндегі тиісті портқа тығыңыз.

2. Кейін көру функциясын қосу үшін Play/Pause (15) басыңыз. ТВ-бағдарламаның таратылуы уақытша тоқтайды. Экранға кейін көру функциясының мәзірі шығады, одан кейін жазу үдерісі басталады.

3. Кейін көру функциясын пайдалануды тоқтату және бағдарламаны жазу үдерісін тоқтату үшін STOP (26) басыңыз.



Ескерту

- Кейін көру функциясы қосылған соң USB-құрылғыны шығаруға болмайды.
- Сыйымдылығы 4 Гб құрылғы шамамен 140 минут контентті жазуға арналған.

Кейін көру функциясының шектелуі:

1. Кейін көру функциясы пайдаланылған кезде PLAY/PAUSE/STOP/VOL+/VOL-/MUTE пәрмендері, сонымен қатар кейбір негізгі операциялардың түймешіктері (OK/EXIT/мәзірдегі шарлау түймешіктері) қол жетімді.

2. Егер USB-құрылғының жазу жылдамдығы ең аз талаптарға жауап бермесе, бейне-контентті ойнату үдерісі тұрақсыз болуы мүмкін немесе уақытша тоқтатылады.

3. Кейін көру функциясының амалдары жасалғанда USB-құрылғыны шығаруға немесе қоректенуді өшіруге болмайды. Сигнал жоғалғанда жазу үдерісі үзіледі.

4. Кейін көру функциясының амалдары жасалғанда сигнал көзін өшіруге болмайды.

5. PLAY/ PAUSE/FWD/REV пәрмендерін аяқ астынан және қайта ауыстыруға кеңес берілмейді.

6. Егер бейнені жіберу жылдамдығы өте аз болса, бейнефайл ішіндегісі ірі пикселдер түрінде көрсетіледі.

7. Барлық USB-құрылғылар осы теледидар үлгісімен үйлесімді емес. USB-жинағыш < 500 мА келуі керек.

Төменде пайдалану үшін кеңес берілген USB-жинағыштар аталған. Тізімде жоқ үлгілер де үйлесімді болуы мүмкін, бірақ олардың дұрыс жұмысына кепілдік берілмейді.

- San Disk Extreme® Contour™ USB Flash Drive - 8GB SDCZ8 - 8192 - E75
- San Disk Extreme® Contour™ USB Flash Drive - 16GB SDCZ8 - 016 G - A75
- Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 Flash Drive-8 GB DT410/8 GB
- Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 Flash Drive - 16GB DT410/16 GB
- OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 Flash Drive - 4GB OCZUSBR2DC - 4GB
- OCZ Technology ATV USB 2.0 Flash Drive - 8GB OCZUSBATV - 8GB
- OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 Flash Drive - 8GB OCZUSBR2DC - 8GB
- SZMSUNG - Hm500 JI -500 G

8. Осы функцияны барлық цифрлық теледидарлар қолдамайды және ол егер арна шифрланған болса немесе тек дыбысты жіберсе пайдаланыла алмайды.

10. USB плеер

SOURCE түймешігін басыңыз, тізімде USB таңдаңыз, USB мәзіріне кіру үшін OK басыңыз.

USB-құрылғының тиісті портқа дұрыс қосылуын тексеріңіз. Төрт медиа-файл типінен таңдау қарастырылған - фото, музыка, кино және мәтін. Қажетті типті таңдау үшін ◄ ► көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз, одан кейін дискіні таңдау мәзіріне кіру үшін **OK** түймешігін басыңыз.



Қажетті дискіні таңдау үшін ◄ ► көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз және медиафайлдар мен папкалар тізімін көрсету үшін **OK** немесе медиафайлдар типін таңдау мәзіріне қайту үшін Артқа басыңыз.

◄ ► немесе ▼▲ көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланып, қажетті медиафайлды таңдаңыз, алдын ала көру терезесінің жақтауы пайда болады. Таңдалған медиафайлды толықэкранды режимде ойнату үшін ► түймешігін басыңыз. Файл (фотосуреттер, бейнефильмдер немесе мәтіндік ақпарат) ойнатылған кезде **OK** немесе Ақпарат түймешігі басылса, басқару панелін шығаруға мүмкіндік болады.

Функция пиктограммасын таңдау үшін ◄ ► көрсеткіштері бар түймешіктерді пайдаланыңыз, функцияны таңдауды растау үшін OK басыңыз.
Басқару панелін жасыру үшін Y немесе EXIT түймешігін басыңыз (музыканы тыңдау режимінен басқа).

Ескерту

Пайдаланушы файл ойнатылған кезде Ақпарат мәзірінде аудиофайлдар немесе жіберу параметрлерін теңшей алады. Тиісті мәзірді шығару үшін Ақпарат және OK пиктограммасын басыңыз.

USB порт арқылы ойнату функциясы фотокескіндердің келесі файлдар пішімдері үшін қолданылады:
-JPEG (JPEG пішімі, кеңейтілімі ".jpg" файлдар)
-BMP (кеңейтілімі ".bmp" файлдар)
-PNG (кеңейтілімі ".png" файлдар)
USB порт арқылы ойнату функциясы келесі аудиофайлдар пішімдері үшін қолданылады:
- MP3 (кеңейтілімі ".mp3" файлдар)
USB порт арқылы ойнату функциясы мәтіндік файлдардың келесі пішімдері үшін қолданылады:
- TXT (кеңейтілімі ".txt" файлдар)

USB порт арқылы ойнату функциясы бейнефайлдардың келесі пішімдері үшін қолданылады:
- TS (MPEG2 және H.264)

11. Hotel (Қонақ үй) режимі:

Көз түймешігін басыңыз, одан кейін Hotel режиміне кіру үшін "1001" түймешігін басыңыз.



Hotel режимі: Hotel режимін қосу/өшіру орнатыңыз. Егер Hotel режимі "ҚОСУЛЫ" болса, төменгі функциялар қол жетімді болмайды.

- авто теңшеу;
- температура
- түс:баланс;
- дыбыс режимі;
- дыбысты автоматты түрде реттеу:
- қолмен теңшеу;
- с ағат.

Ең күшті дыбыс: е ң күшті дыбысты орнату шектеулі. Осы опция ең күшті дыбыс деңгейін орнатуға мүмкіндік береді.

Әдепкі дыбыс күші: әдепкі дыбысты орнатыңыз, қажетті дыбыс күшін таңдау үшін ◄ немесе ► түймешігін басыңыз.

Панельдегі түймешік: Егер пернелерді құрсаулау режимі қосылып тұрса, пернетақта құрсауланады.

Мәзір түймешігі: бас мәзірді құрсаулау, егер "Жоқ" мәні орнатылып тұрса, бас мәзір шықпайды

Кіріс сигнал көзін өзгерту: Көз құрсаулы, егер "Жоқ" мәні орнатылып тұрса, көзді өзгерте алмайсыз.

Кіріс сигнал режимін іске қосу: көзді келесі түрде таңдаңыз: DTV/ATV/SCART/YPBPR/PC/HDMI1/HDMI2/AV/USB,
Қажетті көзді таңдау үшін ◄ немесе ► түймешігін басыңыз.

Арнаны іске қосу: ТВ режимінде телевизиялық арна ретінде орнату керек арна нөмірін таңдай аласыз. Қажетті арнаны таңдау үшін ◄ немесе ► түймешігін басыңыз.

Резервтік көшіру: барлық ТВ орнату деректерін USB-дискке резервтеп көшіріңіз. (аты DATABASE.bin резервтік файлы).

Қалпына келтіру: теледидарда осы деректерді USB-дискінен қалпына келтіріңіз. Қалпына келтірілген соң теледидар қайта жүктеледі.

Түсіру: hotel мәзір теңшелімдерін әдепкі мәндерге дейін түсіріңіз.

Ақау белгілері		Тексеру
Кескін	Аудио	
«Қар»	Шум	Теңшегіш орналасуы, бағыты немесе қосылысы
Қос кескін	Дыбыс қалыпты	Теңшегіш орналасуы, бағыты немесе қосылысы
Кедергілер	Шум	Электрондық жабдық, автокөлік / мотоцикл, флуоресценттік
Қалыпты кескін	Дыбыс жоқ	Дыбысты тексеріңіз (дыбысты өшіру немесе аудиожүйе дұрыс қосылмаған)
Кескін жоқ	Дыбыс жоқ	Қоректену бауы тығылмаған. Өшіргіш қосылмаған. Контрасттылық, ашықтық пен дыбыс күшін теңшеу. Пульттегі күту режимі түймешігін басыңыз.
Түс жоқ	Дыбыс қалыпты	Түсті бақылау параметрлерін тексеріңіз
Кескін бұзылған	Дыбыс қалыпты немесе әшлсіз	Арнаны қайта теңшеңіз
Түс жоқ	Шум	Телевизия жүйесі
Жоғарыда және төменде қара сызықтар бар	Дыбыс қалыпты	Пішімдік арақатыстықты масштабтыққа өзгертіңіз

Haier

Изготовитель\өндіруші: Общество с ограниченной ответственностью «Хайер Электрикал Эпплаенсис РУС»
Адрес: 423800, Республика Татарстан, г. Набережные Челны, Производственный проезд, д.45.
Тел.: +7-(8552)-53-45-16,
E-mail: info@haierrussia.ru
Завод-изготовителя\өндіруші:
ООО «Ти Пи Ви Си-Ай-Эс»
Россия, 196626, г. Санкт-Петербург, пос. Шушары, Московское ш. 177, лит А

Дата производства и гарантийный срок указаны на упаковке. \ Өндіру және пакетте көрсетілген кепілдік мерзімі күні.

4031Q394113